

1999 жылдың шілдесі, тамызы үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 маусым N 899

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ бұрын берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының берілген 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947, 1993 жылғы 10 мамырдағы N 26-15/116, 1993 жылғы 19 мамырдағы N 26-15/136, 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/145, 1993 жылғы 7 маусымдағы N 26-15/8347, 1993 жылғы 18 қарашадағы N 22-1-6/38, 1994 жылғы 3 маусымдағы N Ф22-3/38, 1994 жылғы 10 маусымдағы N Ф22-3/40, 1995 жылғы 8 маусымдағы N Ф22-3/8, 1995 жылғы 9 тамыздағы N Ф-22-31/11, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 000 000 2, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 000 000 3, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 27-1-Г/3-96, N 11987 мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1,2-қосымшаларға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін ескере отырып, 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлейтін болсын;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына с о т т а р ғ а б е р с і н .

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті банкроттық рәсіміне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін атқармаған тұлғаларды өзге де жауапкершілікке тартуға дейін заңдарда белгіленген т ә р т і п п е н ш а р а л а р қ о л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті

ш а р л а р д ы

қ о л д а н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті, "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы және ТұранӘлем Банк ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық

бюджеттің есебінен атқарылған заемшыларға қатысты бөлінген мемлекеттік бюджеттік қаражатты қайтару жөнінде қабылданған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беріп тұрсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 30 маусымдағы
N 899 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің

Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем уақыты	Төлем сомасы	Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
Германия несие желісі						
"Екібастұз-көмір" МАҚ	EUR	30.10.98	3013,55	0,00	0,00	3013,55
Павлодар-трактор	EUR	29.03.99	14043,10	0,00	0,00	14043,10

"Құрылысфар- фор" АҚ	EUR	29.03.99	4669,54	0,00	0,00	4669,54
"Азат" кон- церні	EUR	29.03.99	9503,54	0,00	0,00	9503,54
"Ауылшармаш" АҚ	EUR	30.10.98	2343,29	0,00	0,00	2343,29
"Ауылшармаш" АҚ	EUR	30.10.98	1547,54	0,00	0,00	1547,54
"Теплопри- бор" АҚ	EUR	23.12.98	4512,06	0,00	0,00	4512,06
"Тұран Агро фирмасы	EUR	23.12.98	1307,36	0,00	0,00	1307,36
"Ақтурбо" ААҚ	USD	01.06.99	6322894,02	5425596,75	897297,27	0,00
Канада несие желісі						
"Конденсат" АР	USD	10.06.98	7280,48	0,00	0,00	7280,48
Барлығы:	EUR		40939,98	0,00	0,00	40939,98
	USD		6330174,50	5425596,75	897297,27	7280,48

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 30 маусымдағы
N 899 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес
сыртқы заемдар бойынша алдағы төлемдерді өтеу

Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем уақыты	Төлем сомасы	Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
Франция несие желісі						
"Тағам" МАК	EUR	01.07.99	813571,16	794333,91	19237,25	0,00
Германия несие желісі						
ҚР НМ ҚАҚД	EUR	01.08.99	778382,58	778382,58	0,00	0,00
"Екібастұз- көмір" МАҚ	EUR	01.08.99	386558,66	329642,65	56916,01	0,00
Канада несие желісі						
"Армавир" кеншары	USD	15.08.99	225681,42	217262,50	8418,92	0,00
"Аквест" БК	USD	15.08.99	867167,88	757351,86	109816,02	0,00
Барлығы:	EUR		1978512,40	1902359,14	76153,26	0,00
	USD		1092849,30	974614,36	118234,94	0,00

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК